У 2018
1040к

Кенжебай Бекпаев



# Қайран әкем





Кенжебай Бекпаев

# Қайран әкем

Астана – 2017

ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84 Каз – 5
Б 39

Бекпаев К.
Б 39 "Қайран әкем": әндер жинағы/ Кенжебай Бекпаев - Астана: «Мастер По» ТОО, 2017 – 18 б.

**ISMN 979-0-803-856-31-7**

Композитор Кенжебай Бекпаевтың "Қайран әкем" әндер жинағына Республикамызға таныс Дәмеш Омарбаева, Сәруар Қамаева, Танакөз Толқынқызы ақындардың өлеңдері арқау болды.

Аталған жинақты музыка сүйер қауым жылы қабыл алады деген үміттеміз.

ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84 Каз – 5

**ISMN 979-0-803-856-31-7**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ КІТАПХАНАСЫ
№ б/и

© Кенжебай Б., 2017

# Қайран әкем

Әні
**Кенжебай Бекпаевтікі**

Сөзі
**Дәмеш Серікбай қызы Омарбаеванікі**




Vox.
Pno.
нан ат - та-ның е - сін ә-лі е - сін ә-лі жи - на-ма-ған ба-ла е-дім,
е - сін ә-лі е - сін ә-лі жи - на-ма-ған ба-ла е-дім.
rit.

## Қайран әкем

Қайран әкем,
Дархан едің, дана едің,
Сұңғыла едің,
Сұнқар едің, дара едің.
Сен кеткенде
Бұл жалғаннан аттанып,
Есін әлі
Жинамаған бала едім.

Ауып келген
Ақбөкеннің бірі едім,
Мекен еттім
Абай елін, жыр елін.
Қос жанарым
Шығысқа қарап жаутаңдап,
Шырқырайды
Менің бейбақ жүрегім.

Серік еттім
Төзім менен шыдамды,
Көргім келеді
Басында қос шынарды.
Мен туған жер
Құшағына сені алып,
Сен туған жер
Мені ақын ғып шығарды

Аңсауменен,
Армандаумен өтем бе,
Жете алмай
Кіндік кескен мекенге?
Қайран әкем,
Қабіріңді құшақтап,
Топырағыңды
Сипай алмай кетем бе?

# Сағынармын күндерді сағынышты

**Әні**
**Кенжебай Бекпаевтікі**

**Сөзі**
**Сәруар Аплашқызы Қамаеванікі**




Vox.
ер - кім мен ер - кін - ді - гім,
сен - де - гі ің - кәр,
Pno.
Vox.
f
сен де - гі ің - кәр
се - зім - ге ба - ғы - ныш - ты.
Pno.
mf
mp
Vox.
ff
Сен - де - гі ің - кәр
се - зім - ге ба - ғы - ныш - ты.
Pno.


16
Vox.
1.
16
Pno.
mf
3
1.
3
mp
19
Vox.
19
Pno.
3
p

## Сағынармын күндерді сағынышты

Сағынармын күндерді сағынышты,
Қыял қанат аспанға алып ұшты.
Менде ерік жоқ, еркім мен еркіндігім,
Сендегі інкәр сезімге бағынышты.

Сағынармын күндерді сағынышты,
Жүрек жанды, өртенді, жалын ұшты.
Қоштасарда өзіңмен қимастықтан,
Жанарымда мұң қалды жалынышты.

Күндер өтті күтумен сағынышты,
Сағынысты сезімдер сабылысты.
Жасыра алмай қалдым бір өзіңнен,
Жүректегі ғаламат жарылысты.

# Сен жайыма қалдыр мені көкпар мұң

**Әні**
**Кенжебай Бекпаевтікі**

**Сөзі**
**Танакөз Толқынқызынікі**




10
Vox.
бұ-рын қа-лай біл-ме-гем, Күн ө-зі-не ұқ-сай-ма о-сы деп қал - дым,
Pno.
mp
mf
13
Vox.
күн ө-зі-не ұқ-сай-ма о-сы деп қал - дым.
Pno.
mf
16
1.
mf
Vox.
Жа - жа-ным, жа - ным.
Pno.

## Сен жайыма қалдыр мені көкпар мұң

Сен жайыма қалдыр мені көкпар мұң,
Көлеңкесі болайыншы көк талдың.
...Сен күнге емес, бұрын қалай білмегем,
Күн өзіңе ұқсайма осы деп қалдым.

Адам жанын ой құрайды екен ғой,
Бұйрық келсе, Ай құлайды екен ғой.
Сен Айға емес, бүгін соны байкадым,
Ай өзіңнен айнымайды екен ғой.

Аппақ болу үлесі ме тек қардың,
Гүл ернінде ұмытылып, шет қалдым...
Сен ақ қарға ұқсамайсың... керісінше,
Аппақ әлем саған тартқан деп калдым...

# Не істедін?

**Әні**
**Кенжебай Бекпаевтікі**

**Сөзі**
**Танакөз Толқынқызы нікі**

Терен сезіммен ♩=95




Vox.
Pno.
се - зім - ге? Қай сө - зің - мен өр - теп кет - тің
f
ө - мір - ді, әйт - пе - се, айт - шы, әйт - пе - се, айт - ши,
mf
Ped.
өр - те - не - тін ке - зім бе? Өр - те -
mf


Vox.
Pno.
mf
не - тін ке - зім бе? Өр - те - не - тін ке - зім бе?
mp
1.

## Не істедің?

Жүрегіңнен қандай жарық бөлінді ,
Басыбайлы құл болардай сезімге?
Қай сезіңмен өртеп кеттің өмірді,
Әйтпесе, айтшы, өртенетін кезім бе?

Не бар сенде мені сонша матайтын?
Халге жеттім тұра алмайтын көрмесем.
Құдыретің бар көк майсаны отайтын,
Жайрап жатам жай түскендей келмесең.

Шатастым мен шырмауыңа түстім де,
Жылай алмай, жырлай да алмай түнердім.
Мұң шағады сынық қанат құс кімге,
Мені жынды көбелек қып жібердің.

Сені ойлаймын жыласам да, күлсем де,
Бәлкім, мұңды көтере алмай үзілем.
Әлемімнің күйрейтінін білсем де,
Жүріп келем ұстараның жүзімен.

000001581854

**Мазмұны**

1. Қайран әкем........................................................................................ 3
2. Сағынармын күндерді сағынышты ...................................................... 6
3. Сен жайыма қалдыр мені көкпар мұң................................................... 10
4. Не істедің?.............................................................................................. 13

Аранжирлеуші

**Владимир Шевченко**

Кенжебай Бекпаев

# Қайран әкем

Басуға 14.06.2017 жылы қол қойылды
Шартты баспа табағы 2,5 Пішімі 60/84 /8
Таралымы 50 дана
Тапсырыс 063
«Мастер ПО» ЖШС басылды
010008, Астана қ., Пушкин көшесі, 15-76
Тел.: 8/7172/223-418
e-mail.: masterpo08@mail.ru

